

2

Аграрлық саясат:
Санақ салғырт
қарайтын науқан емес



3

Тұғыры биік
тұлға



Сыр бойы

№122 (20998) 14 тамыз, бейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

КАТЕРЛІ ДЕРТПЕН ҚЫРАҒЫ КҮРЕС КЕРЕК

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті. Онда нашақорлық күрделі әлеуметтік және құқықтық құбылыс ретінде қарастырылып, наркотизмге қарсы іс-қимыл мәселелері талқыланды. Президент өзекті мәселеге орай бірқатар тапсырма берді.

Кеңесте Ішкі істер министрі Ержан Сәденов, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова және Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Әлиманов баяндама жасады.

Әлеуметтік кеселдің белең алуы елімізде де, халықаралық ауқымда да алаңдатарлық күйде. Мемлекет басшысы бұл індет ұлт саулығына қатер төндіретінін атап айтты.

Наркотизм – заманның дерті, қоғам үшін аса қауіпті. Ол жастардың болашағына балта шабады. Ұлт саулығына қатер төндіреді. Нашақорлық пен есірткі бизнесіндегі әлемдік үрдіс алаңдатарлық сипатқа ие болды. Көптеген елдің үкіметтері аталған проблеманы физикалық және психикалық тәуелділік қана емес, ауқымды қоғамдық, экономикалық және құқықтық құбылыс ретінде қарастыра бастады. Наркотизм термині мұндай тәсілдің мән-мағынасын ашады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сарапшылар мен ғалымдардың айтуынша, наркотизм ұғымы нашақорлықтан әлдеқайда кең. Бұл әлеуметтік, экономикалық және құқықтық проблемалармен, соның ішінде ұлттық қауіпсіздік мәселесімен ұштасып жатыр.

Президент есірткіге тәуелділер емдеу-сауықтыру шараларымен жеткілікті деңгейде қамтылмай отырғанына назар аударып, мәселені шешу қажет екенін мәлімдеді.

Есірткіге тәуелді жандардың көпшілігі мен олардың жақындары жариялылықтан және жұртшылықтың талқылауынан қауіптеніп, проблемасын жасырады, – деді Мемлекет басшысы.

Президент аталған індетке қатысты статистикалық мәліметтерді жинау мен өңдеу бағытындағы ақпараттық-сараптамалық жұмысты жетілдіру, сондай-ақ химиялық заттардың таралуын қадағалау мәселелерін тағы бір маңызды міндет деп атады.

Осы ретте нашақорлықтың алдын алу шараларын күшейтуді, әсіресе, білім беру мен ақпарат саласында кеңінен жұмыс жүргізуді тапсырып, жастар арасында есірткінің насихатталуына жол беруге болмайтынын жеткізді. Сондай-ақ, интернет және медиа индустрияда тыйым салынған заттар мен ішімдік ішуді дәріптейтін жағымсыз үрдіс белең алғанына тоқталды.

Кеңес отырысында есірткімен байланысты құқықбұзушылықты анықтау, жолын кесу және жазалау жағдайына қатысты кешенді мәселелерге ерекше мән берілді.

– Кез келген есірткі түрінің өндірісі мен сатылымына қатаң тыйым салынып, мемлекеттің жігі бақылауында болуы керек, – деді Президент.

Қ.ӘБШ

/// КӘСІБИ МЕРЕКЕ

ҚҰРЫЛЫС: ОЗЫҚ ӨНІРДІҢ ОЛЖАСЫ



Кеше «Өнер орталығында» Құрылысшы күніне арналған салтанатты шара өтті. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Ергешбаев, облыстық құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, зиялы қауым өкілдері, ел ағалары қатысты.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жиналған қауымды кәсіби мерекемен құттықтап, құрылыс саласында атқарылған жұмыстарды атап өтті.

– Президентіміз «Біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбеккер және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз! Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек» деген болатын. Бұл – экономикалық тұрақтылық пен әлеуметтік прогрестің басты факторы ретінде жұмысшы кәсіптерінің рөлін күшейтудегі стратегиялық қадам.

«Жұмысшы мамандықтар жылына» орай жақында ғана Мемлекет басшысының Жарлығымен өңіріміздің бірқатар металлургия, теміржолшылар мен құрылысшылар мемлекеттік наградаларға ие болды. Бұл – еңбек адамдарына көрсетілген зор құрмет пен жоғары баға.

«Алаштың анасы» атанған қасиетті Сырөңірі Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен қарқынды дамуда. Облысымыздың бюджеті 823 млрд теңгеден асып, 2022 жылдан бері өсім 226 пайыз болды. Бұл қаражат аймағымыздағы ең өзекті деген мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталуда.

Биыл 96 жобаның құрылысына бюджеттен 166 млрд 800 млн теңге қаржы бөлініп, 2022 жылмен салыстырғанда 8 есеге артты. Нәтижесінде құрылыс жұмыстарының көрсеткіші бойынша республикада үздіктер қатарында келеміз.

Құрылыс саласында қызмет ету – бұл жай ғана мамандық емес, елге қызмет ету. Құрылыс қарқынды елдің экономикасы да қуатты.

Туған жеріміз, Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына, сәулеттік келбетінің жанаруына, заманауи ғимараттардың бой көтеруіне қосқан елеулі еңбектеріңіз үшін Сіздерге барша Сыр жұртшылығының, жеке өзімнің атымнан шынайы алғысымды білдіремін, – деді облыс әкімі.

Мерекелік шарада құрылыс саласының үздіктері «Достық», «Құрмет», «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек даңқы» орден-медалдарымен марапатталды.

Сонымен қатар ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің «Құрметті құрылысшы» төсбелгісіне, «Құрмет грамотасына» және Қызылорда облысының Құрмет грамотасына ие болды.

Мерекелік іс-шарада әнші Қайрат Баекенов, әнші-композитор Жарасхан Төлеубай ән шырақды.

«СБ» ақпарат

/// ӨРКЕН

БАСПАНА – ӘРБІР ОТБАСЫНЫҢ БАҚЫТ ҰЯСЫ

Кеше қаланың сол жағалауында тағы бір қоныс той тойланды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен 5 қабатты тұрғын үй кезекте тұрған отбасыларға табысталды. Салтанатты шараға Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Ергешбаев, зиялы қауым өкілдері, ел ағалары қатысты.

Аймақ басшысы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетістіктерге тоқталып, жаңа қоныс иелеріне құттықтауын жеткізді.

– Биыл ұлтымыздың тарихи «қазақ» атауы қайтарылғанына, Қызылорданың қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл толуы

кең көлемде аталып өтуде. Мерейлі жыл аясында аймағымызда сәулеті келіскен, әсем де заманауи ғимараттар бой көтеріп келеді.

Бұл – жыл сайын тамыздың екінші жексенбісінде кәсіби мерекелерін атап өтетін құрыш қолды құрылысшыларымыздың қажырлы еңбегінің нәтижесі.

2-бет



Суреттері түсіріп: Нұрлыбек Нұрлыбаев

/// ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНИ

ҚАЗАҚ ТАЗЫСЫ

ТЕҢДІГІН АЛА БАСТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев World Dog Show 2025 дүниежүзілік көрмесіне қатысып, халықаралық аренада лайықты бағасын алған қазақ тазысын ұлттық бренд, мәдениетіміздің ажырамас бөлшегі ретінде халықаралық деңгейде толық таныту ортақ міндет екенін айтты.

Дүниежүзілік іс-шараға Қазақстан делегациясы қатаң талап бойынша іріктелген әрі халықаралық деңгейде өнер көрсетуге барынша үйретілген 8 тазыны алып барған еді. Әлемнің әр түкпірінен келген 25 000 үздік иттің ішінде қазақ тазылары FCI ұйымында тіркелген дербес ит тұқымы ретінде тұңғыш рет жұрт назарына ұсынылды. Қазақтың төл ит тұқымдары алғашқы сайыста айтарлықтай маңызды нәтижеге қол жеткізді. Дүниежүзілік көрмеде 5 тазы өздерінің рингтерінде жүлделі орындарды жеңіп алды. «2025 жылғы Әлемнің жас чемпионы» аталымында Темірлан атты тазы жеңімпаз болды, Лашын – «Әлем чемпионы», Ару атты тағы бір тазы – «Әлем чемпионы», Көксерек пен Пана – «Әлемнің вице-чемпиондары» атанды. Оған қоса Лашын мен Ару Финляндия чемпиондары ретінде марапатталды. Осылайша барша жаһан жұртшылығы қаншама ғасырдан бері Алаш баласының серігіне айналған тазыны жоғары бағалады.

Ендігі кезекте тазы тұқымын дамыту және бірегей қасиеттерін сақтау, жүйелі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, халықаралық көрмелерге тұрақты қатысу сияқты бағыттардан тұратын бұл іске Қазақстан кинологтар одағымен қатар мемлекеттік органдар да белсенді атсалысуға тиіс.

Президент Іс басқармасы, Экология және табиғи ресурстар, Ғылым және жоғары білім, Ауыл шаруашылығы, Сыртқы істер министрліктері және басқа да қуырлы органдар, сондай-ақ жергілікті әкімдіктер бірлескен жүйелі жоспар аясында тиісті ұйымдастыру шараларын қолға алуы керек. Мемлекет басшысы төбет тұқымын да ерекше қамқорлыққа алып, мемлекеттік органдардың қолдауымен дәл осы ауқымда жұмыс атқару міндетін жүктеді.

4-бет

КЕЛЕСІ САНДА

ЫНТЫМАҚ ҰЙЫСҚАН ЖЕРДЕ
ЫРЫС ПЕН БЕРЕКЕ БАР

Жалағаш ауданының әкімі
Ардақ Ибраимовпен сұхбат

АЩЫ ТЕР
Ат спортының
ахуалы қандай?

Валюта бағамы: \$ 542,29 kzt € 629,54 kzt ₸ 6,77 kzt

Ауа райы: Бейсенбі ☀️ +31° 🌙 +21° Жұма ☀️ +31° 🌙 +19°

/// САПАР

ӘРІПТЕСТІК – ТЫҢ БАСТАМА АРҚАУЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жетісу облысы Жаркент қаласына жұмыс сапары кезінде «Жаркент крахмал-сірне зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өндірістік әлеуетімен танысты.

Кәсіпорынның негізгі өндірістік алаңдарын аралап, жүгеріден крахмал мен сірне өндіру технологиясын көрді. Зауыт басшылығымен өндірістік қуаттылық, шикізатпен қамтамасыз ету, экспорттық бағыттар және экологиялық қауіпсіздік мәселелерін талқылады.

«Жаркент крахмал-сірне зауыты» – еліміздегі жүгеріні терең өңдейтін ірі кәсіпорындардың бірі. Жылына 200 мың тоннаға дейін жүгері өңдеуге қауқарлы зауытта крахмал, сірне, глютен, мал азығына арналған өнімдер шығарылады. Өнімнің бір бөлігі ішкі нарықты қамтамасыз етсе, қалғаны Қытай, Орталық Азия және ТМД елдеріне экспортталады.

Облыс әкімі өңірлік өңдеу өнеркәсібін дамытуда мұндай кәсіпорындардың тәжірибесі ерекше маңызды екенін атап өтіп, аймақтағы ауыл шаруашылығы саласын дамытуға бағытталған жоспарларды бөлісті.

Басқосуда осы өндірістік жобаны Қызылордада іске асыру мүмкіндігі, инвестициялық әріптестік жайы талқыланды.



БАСПАНА – ӘРБІР ОТБАСЫНЫҢ БАҚЫТ ҰЯСЫ

Бүгін жерлестеріміздің баспаналы болу қуанышына ортақтасып, пәтер кілтін табыстау рәсіміне жиналды.

Аймағымызда тұрғындардың тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталған бірқатар маңызды ірі инфрақұрылымдық жобалар бар. Облыс бойынша 96 жобаның құрылысы жүрде. Жакында балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы өз жұмысын бастады. Физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты, Қазанған атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің жана ғимараттары ел игілігіне пайдалануға берілді. Облыстық тарихи-өлкетану музейі салтанатты түрде ашылды.

Президентіміздің қолдауымен Қызылорда қаласында 11 мың орындық жаңа стадион, «Қазақстан халқына» қорының демеушілігімен құны 2 млрд 900 млн теңге болатын мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы қарқынды жүрде. Сыр жұртшылығы асыға күткен нысандар алдағы қыркүйек айында ашылды.

Облыс орталығында көпбейінді «Қызылорда Арена» спорт кешені, Ассамблеяның 30 жылдығы аясында «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының қолдауымен жанадан «Достық үйі» бой көтеруде.

«Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында облыс орталығының озық саулеттік үлгісін қалыптастырып, көпқабатты тұрғын үйлердің ауаларын, саябақтар мен мәдени-демалыс орындарды абаттандырамыз. Орталық алаң қайта жаңғыртудан өтті.

«СБ» ақпарат

/// ДЕНСАУЛЫҚ

БІР КҮНДЕ ЕКІ НАУҚАСҚА БҮЙРЕК АУЫСТЫРУ ОТАСЫ ЖАСАЛДЫ

Қызылорда облыстық көпбейінді ауруханасында бір күнде екі науқасқа бүйрек трансплантациясы жасалды.

Бірінші науқас 1979 жылы туған әйел кісі. Оған 1976 жылғы туған ағасы донор болды. Екінші трансплантация 1978 жылы туған ер адамға жасалды. Науқасқа егізінің сынары, ағасы донор болып бүйрегін берді.

Аурухананың баспасөз қызметінің хабарлауынша, отаны көпбейінді облыстық аурухана бас дәрігерінің хирургия жөніндегі орынбасары, PhD Ербол Серікұлы А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы «Бүйрек трансплантациясы, урология және нефрология» бөлімшесінің меңгерушісі Ислам Маладовтың командасымен бірге жасады.

Ота сәтті өтті. Науқастардың жағдайы орташа ауырлықта тиесілі ем қабылдап жатыр.

Айта кету керек, былтыр ауруханада бүйрекке 6 трансплантация жасалды. Биыл бірінші рет бауыр ауыстырылды.

Жалпы аймақта биыл жеті ай көлемінде 66 адамға жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетілген.

Жоғары технологиялық медициналық көмек – бұл ғылыми технологияларды, диагностика мен емдеудің инновациялық және бірегей әдістерін қолдана отырып көрсетіледі. Көмектің бұл түрі стационарлық жағдайларда ұсынылады.

Бүгінде облыста жоғары технологиялық медициналық көмек түрлері көпбейінді облыстық ауруханада көрсетіледі.

«СБ» ақпарат



АГРАРЛЫҚ САЯСАТ: САНАҚ САЛҒЫРТ ҚАРАЙТЫН НАУҚАН ЕМЕС

Билелімізде ауыл шаруашылығы санағы өткізіледі. Оның негізгі кезеңі 1 тамыз бен 20 қазан аралығында жүргізіледі. Санақ онлайн және офлайн кезеңге бөлінеді. Онлайн кезеңі 1-31 тамыз аралығында санақ.gov.kz сайтында онлайн-сауалнама ретінде жүргізіледі. Онда ауыл шаруашылығымен айналысатын құрылымдар, фермерлік, шаруа қожалықтары қамтылмақ.

– Осының нәтижесінде сала бойынша мәліметтер жинақталады. Ол – аграрлық саясатты тиімді жүргізуге негіз. Статистикалық зерттеу арқылы көптеген сауалға жауап табуға мүмкіндік бар. Бұл мақсатта облыстық, қалалық, аудандық газеттерде мақалалар мен сұхбаттар жарияланды. Телеарна арқылы санақтың маңызы, мерзімі, кезеңі, санақтың ерекшелігі, қойылатын сауалдар, мамандар, негізгі талаптар мен атрибуттар жайында толыққанды мәлімет берілді. Айта кетсек, облыс бойынша 190-ға жуық елді мекендерде ақпараттық билборд орнатылды. Есімі елге белгілі ардагерлер жергілікті басшылар беттерінде тұрғындарға маңызды іс-шара жөнінде ой-пікірін білдірді. Ұлттық санақтың өтуіне барынша қолайлы жағдай жасалған. Аграрлық саладағы барлық заңды тұлға, шаруа-фермер қожалықтары мен үй шаруашылықтары санақ.gov.kz сайтына электрондық цифрлық қолтаңба арқылы кіріп, көрсетілген сауалдарға шынайы жауап беруі тиіс. Бұл әдіс өте ыңғайлы. Ол деректерді жинаудың тиімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді, – деді ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика

Дерек көздеріне сүйенсек, алғашқы ауыл шаруашылығы санағы 1835 жылы Норвегияда өтті. Содан бергі уақытта мұндай ауқымды шара АҚШ, Бельгия, Уругвай, Ұлыбритания, Аргентина, Венгрия, Канада және Болгария мемлекеттерінде болды. 1905 жылы Халықаралық ауыл шаруашылығы институты Италия астанасы – Римде бүкіл әлем бойынша санақты мүмкіндігінше біркелкі негізде келісілген түрде жүзеге асыруға уағдаласты. Ауыл шаруашылығы өндірісінің құрылымын өлшеуге бағытталған маңызды шара барысында егін және мал шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы есепке алынады.

бюросының облыс бойынша департамент басшысының орынбасары Айбек Әбілдаев.

Сайтка кірген сәтте респонденттер жүйеге тіркеліп, электрондық цифрлық қолтаңба, QR-код немесе SMS хабарлама арқылы авторизациядан өтеді. Сауалнама парағына кірген кезде кейбір жолдарда мемлекеттік органдардың деректер базасында бар көрсеткіштер көрсетіледі. Әрбір респондент көрсеткіштерді сол күйінде қалдыра немесе оған өзгеріс енгізе алады. Деректерді сақтап қойып, кейін оны толықтыруына болады. Сауалнамадан өтіп болғаннан кейін респонденттің электрондық поштасына санақтан өткені туралы хабарлама түседі.

байланыс орталығына немесе @stat.gov.kz_bot Telegram-ботына өтініш қалдыра алады. Санақ барысында жинақталған мәліметтер ҚР «Мемлекеттік статистика туралы» Заңының 21-бабына сәйкес, бастапқы статистикалық деректерге жатады және міндетті түрде өтеусіз негізде ұсынылады. Аталған заңның 8-бабы 1-тармағында «Алғашқы статистикалық деректер құпия болып табылады және осы баптың 4-тармағында көрсетілген мәліметтерді қоспағанда, оны мемлекеттік статистика органдары тек қана статистикалық ақпаратты түзу мақсатында пайдаланады. Мемлекеттік статистика органдары алғашқы статистикалық деректерді жинау, өңдеу және сақтау кезінде



осы деректердің құпиялылығын қамтамасыз етеді» деп көрсетілген. Сондықтан әрбір ақпарат заңмен қорғалады, мемлекеттік кіріс органдарына және өзге де органдарға берілмейді. Біз азаматтарды санаққа саналы түрде қатысуға шақырамыз. Өйткені бұл – жай статистикалық емес, барлық азаматтарды қамтитын мемлекеттік маңызы бар ауқымды шара. Барлық ауыл шаруашылығы саласымен айналысатын құрылымдарды, шаруа-фермер қожалықтары мен дара кәсіпкерлерді ауыл шаруашылығы санағына белсенді қатысуды сұраймыз, – деді департамент басшысының орынбасары.

Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы немесе балық шаруашылығымен айналысатын заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер мен шаруа (фермер) қожалықтары 2-АШҚ/ШФҚ санақ парағын толтыруы тиіс. Бұл сауалнама тоғыз бөлімнен тұрады және 29 сұрақты қамтиды. Бақша ететін немесе мал мен құс ұстайтын үй шаруашылықтары да санаққа қатысады. Бұл сауалнамада қандай дақылдар өсірілетіні, қанша мал мен құс ұстайтыны, жайылымдарды қолданатыны, мал ұстауға арналған құрылыстардың бар-жоғы, сондай-ақ өнімнің сатылатыны немесе жеке тұтынуға пайдаланылатыны туралы мәлімет беріледі.

Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

/// ЕЛ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

АУЫЛҒА КЕЛГЕН МАМАНДАРҒА ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРЕДІ

Stan.kz хабарлауынша, Ұлттық экономика министрлігі ауылдық жерге жұмыс істеуге келген мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларына өзгерістер енгізгелі отыр. Ендігі жерде ауылға келген сала мамандары 15 жылға дейінгі мерзімге 1% жылдық мөлшерлемесімен несие ала алады.




«Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіп кешені салаларының мамандарына және ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметкерлеріне, ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген жағдайда, баспана сатып алу немесе салу үшін несие беріледі. Бұған дейін бұл мөлшерлеме жылына 0,01% еді» делінген хабарламада.

Сонымен қатар әлеуметтік қолдау шараларын алу үшін маманның немесе оның туыстарының өтініш берген күнге дейінгі соңғы екі жыл ішінде маман жұмыс істейтін ауылдық елді мекенге тиесілі аудан (облыстық маңызы бар қала, аудандық маңызы бар қала) аумағында меншігінде тұрғын үйі болмауға тиіс екені нақтыланды. Бұл бұйрық 2025 жылдың 18 тамызынан бастап қолданысқа енгізілмек.

МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЕНГІЗІЛЕДІ

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев жаңа оқу жылынан бастап білім беру процесіне жасанды интеллект элементтері кезең-кезеңімен енгізілетінін мәлімдеді деп хабарлайды Stan.kz ендігі ақпаратында.



АІ-ды енгізу алдымен «Цифрлық сауаттылық» пен «Информатика» пәндерінен басталады. Бұл бағытта орта білім беру жүйесінде жасанды интеллектті қолданудың этикалық стандарттары бекітілген. Оқушылар үшін Day of AI онлайн курстары, ал мұғалімдер үшін біліктілікті арттыру курстары дайындалған.

Министрліктің мәліметі бойынша, биыл 4,1 миллион оқушы мектепке барады. Олардың қатарында 341 мың бірінші сынып, 232 мың 11 сынып оқушысы бар.

ЖЕТІ БЛОГЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ІС СОТҚА ЖЕТТІ

Табысы туралы декларация тапсыру дауына қатысты 7 блогермен сот процесі жүріп жатыр. Бұл туралы Қаржы министрі Мәди Такиев мәлім етті деп хабарлайды ҚазАқпарат.



Оның айтуынша, 854 блогерге декларация тапсыру туралы хабарлама жолданған және 620 блогер қосымша 18,141 млрд теңгеге декларация тапсырған. Қазір 234 блогермен жұмыс істелуде, яғни толыққанды құжат тексеріледі. Сондай-ақ бүгінде 7 блогерге қатысты сот процесі жүріп жатыр. Бұл ретте Қаржы министрі барлық блогерді бизнес жүргізу барысында мұқият болуға шақырып отыр.

Дерекке қарағанда, биыл ақпаннан бастап Мемлекеттік кірістер комитеті табысын төмен көрсеткен 594 блогерге қатысты 53,3 млрд теңге бойынша хабарлама жібере бастаған. Тексеру, салыстыру қорытындысы бойынша осындай сәйкессіздік анықталған. Кейін табысын төмен көрсетіп, салықтан жалтарған қазақстандық блогерлер кірісін растап, салық төлей бастағаны белгілі болды.

«СБ» ақпарат

Сыр өңірінде өз ерекшеліктерімен танылған мемлекет және қоғам қайраткерлері, еңбек майталмандары, мәдениет-әдебиет қайраткерлері, саналы ғұмырын туған топыраққа қызмет етуге арнаған азаматтар аз болған жоқ. «Адам бұл өмірге қонақ, оның өмірі өткінші, сондықтан ол артына ісімен, жақсы сөзін қалдыруы керек» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай, артында ісі де, ізі де, сөзі де қалған ардақты ағаларымыздың қатарында И.Әбдікәрімов, Т.Есетов, С.Шаухаманов, Б.Сапарбаев сынды қайраткер тұлғалар бар. Қай-қайсысы болмасын, облыстың өркендеуіне аянбай үлес қосты. Одан беріде облысқа Б.Қуандықов, Қ.Көшербаев, Г.Әбдіқалықова басшылық жасады. 2022 жылдан бастап облысымызды Н.Нәлібаев басқарып келеді. Осы жылдары өңіріміз қарқынды даму үстінде. Бұрын-соңды болмаған әлеуметтік маңызы бар бірнеше жаңа ғимарат салынып, халық игілігіне жұмыс жасауда. Аймағымыздың сәулеттік келбеті жанданып, одан әрі игі іс жалғасуда. Облыс негізгі көрсеткіштер бойынша республикада алғашқы орынға шықты. Мақтанышпен айта аламыз. Мақтанатын жағдай туды.



Бұл мақала жоғарыда айтылған мемлекет және қоғам қайраткерлерінің ішінде қызметтес, сыйлас, сырлас, дәмдес болған досым марқұм Сейілбек Шаухаманов туралы болмақ.

Бұл шексіз әлемде әркімнің өз тағдыры, өз жолы, шыққан биігі бар. Өмірден озғанымен көргендер көңілінде ұзақ уақыт сақталатын жандар болады. «Көзден кетсе көңілден кетеді» деген сөздің бары рас. Расында, әр жыл өткен сайын алдағы ағаларымыз фәни дүниеден өтіп жатқанын, жолдас, дос-құрдастар, замандастарымыздың қатары сиреп, тек көзден жазып қалғанда ғана «жалған дүние-ай, қандай адам еді!» деп жалбарынып жатамыз. Тірілікте кәдірін білмей қалатынымыз өкінішті-ақ. Өткендерді еске алу, ой елегінен өткізу оңай шаруа емес. Десе де дос туралы естелік жазу бізге бұйырпты.

Өзінің ұйымдастырушылық қабілет-қарымы, іскерлік болмысы көптің көкейінде сақталып қалды десем артық айтқаным болмас. Кімге болса да адамдық болмысы мен жүріп өткен еңбек жолына қарай баға беріледі. Адамды бағалаудың басты өлшемі қоғамға, адамға пайдалы қызмет етуде, туған халқымен тамырлас бола білуде болса керек. Өмір сапар, қайран сапардың қай жерден үзілетінін ешкім білмейді. Лев Толстой бір сөзінде «Уақыт өтіп жатыр, біздер адамдар да бұл өмірден өтіп жатырмыз» деген екен. Жаратушы әр адамның өмір жолын қилы-қилы етіп пешенесіне нәсіп еткен ғой. Баршамыз мойындайтын тіршілік заңының бірі. Шыңғыс Айтматовтың сөзі бар «Адам өлмейді оны білетіндер тұрғанда» деген, олай болса Сәкеннің рухы арамызда жүретіні сөзсіз.

Сәкеннің туған жері Сыр өлкесі, жай инженер, комсомол жұмысынан басталған, одан бірнеше ауданда шаруашылық, партия жұмыстары салаларында басшылық қызметтерде шындалып, Талдықорған облыстық атқару комитетінің төрағасы, Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығында болып, еңбек жолында да биікке, абыройға ие болғанының біз күзгеріміз. Еліміздегі әкімдік басқару жүйесіндегі алғашқы облыс әкімі, ҚР Парламентінде алғашқы Сена-торлардың бірі болды.

Сәкен туралы Қазақстанның халық жазушысы, КСРО мемлекеттік сыйлығының иегері Әбдіжәміл Нұрпейісов «Таңір сыйлаған талант» атты айдар тағып, «Сейілбек, ізбұл жігітпен біз бір ел, бір жердің топырағынан жаралған кісілерміз. «Алмас қанжар қал түбінде жатпас» демекші, ақыры Сейілбектің бойында туа біткен талантты қайнар бұлақтай қарқын мен қуатты тасқын атты. Әсіресе 2001 жылдан бастап ел мен жер, тұғыры биік тұлғалар тарихы және тағдыры, ұлтымыздың болашағы туралы тұшымды дүниелерді толғана жазып, оқырмандарға ой салып, сүбелі шығармаларының сыры мен салмағының өзі айқындалп тұр. Осыны бөрінен оның елді, жерді, өз халқының тағдыры мен мұратын, әдет-ғұрпын салт-сана дәстүрін, тілін, дінін өмірін түгел білетіні көрінпін тұр. Оның ұста-сы да, ұстазы да – халық, тарих, уақыт, өмір» деп жазған еді.

«Парыз бен Парасат» кітабының алғы сөзінде кеменгер халық жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері ҚР Еңбек Ері, Әбіш Кекілбайұлының сөзінде (қысқаша) «Көркем оймен көсемсөздің кайнары. Мен бір жиналысқа барып, Шиеліде жүр едім, Сәкеннің аудан басшысы кезі болатын. Тау етегінде оңаша жайдың сыр бағында Сейілбек екеуіміз таң сарғайғана се-руендегеніміз әлі есімде. Әбден сыр-ластық. Тек төл әдебиетімізде ғана емес, әлем әдебиетін де бес сұасқайт біледі екен. Билайғы дүниеден де мәліметі ұшан-теңіз. Елімізге төніп

тұрған екіталай заман жайында да үрейлене сөз айтты. Екеуіміз бір жылы қар басқан құрдастар екенбіз. Тек ол ғана емес, өмірдегі көп нәрсес туралы көзқарасымыз бірдей, пікірлес, мұңдас адамдар болып шықтық. Риясыз сөйлескен сайын оның көзінен бір оजारлық ұшқындап тұрды. Ол үміт пен сенім еді. Жылдар өткен сайын ол жарқындай түсті» делінген.

Одақтық зейнеткер, Гурьев, Ақтөбе, Қызылорда облыстық атқару комитетінің төрағасы, Семей облысы партия комитетінің бірінші хатшысы, ҚР орталық партия комитетінің екінші хатшысы болған Сағидолла Құбашев Сәкеннің өмір жолындағы мазмұнды, мағыналы қызметтерін айта келіп, «Сейілбек Шаухаманов – Қазақстанның белгілі қайраткері, өтепелі кезеңде қазақ халқының жүгінің ауырлығын көтерген адал ұлдарының бірі. Ол халықтың батасын алған парасаты, қарапайым адам. Сейілбек Шаухаманов еліне сенімді, сыйлы, іскер басшы болды» деген еді.

Бақ жұлдызы жанатын пендесін жаратқан ау бастан-ақ, тағдыр түйіміне салып, шыңдап, өмір өткелдерімен өрге сүйрейтіні баршамызға белгілі жайт болса керек.

Мадақ мінберіне лайық тұлғаның еңбегін, қашанда көпшілік танып мойындайтыны ақиқат. Олай болса, өмірге өзінің ұстамы бар, ізгілік қағидалсын бойына сіңірген, сергек көңілмен сенімді сөйлесетін бағы мен бабы келіскен, өресі биік азаматтың өзі еді.

Табиғатынан тәкаппарлығы жоқ, аспайтын, саспайтын, сабырлы, адал еңбекті, достықты ту еткен Сәкен осының барлығын өз өмірінде, өз ісімен көрсеткені біздің жадымызда. Көп жылдар сыйластықты, адамгершілікті паш еткенінің куәсі болды.

Сәкен туралы әржылдары жазылған үлкенді-кішілі газет беттерінен көрініс таппан, ессе мақалалар ерекше деуге болады. Өзінің тіршілік кезінде Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Таңір сыйлаған талант», Әбіш Кекілбаевтың «Көркем ой мен көсем сөздің қайнары» Сағидолла Құбашевтың «Білікті басшы, қарымды қайраткер», академик К.Ормантаевтың «Сейілбек», Өтеген Жаппархановтың «Абыз», Мұрат Бактиярұлының «Дариянын алтын көпірі», Кенес Маханбетовтың «Первопроходец независимости», Итен Қарымсаковтың «Шаршамайтын Шаухаманов», Шыңғыс Айтсөзбековтың «Даналыққа толы ғұмыр», т.б. ойлы тақырыпта мазмұнды мақалалардың қай-қайсысын оқысаңыз да Сәкеннің туа бітті болмысын, қыр-сырын, ел мүддесі жолындағы игілікті істерін, ғибадратты өмір жолын, жарқын бейнесін айғақтап жазылған танымды да, тартымды дүниелер екеніне көз жеткізесіз.

Сәкеннің өз қаламынан туған «Ер қанаты», «Бақытыңды бағалай біл», «Алтын алма, ақыл ал», «Парыз бен Парасат» атты кітаптар және эссе-шығармалары, түптеп келгенде ой-өрісінің биік екендігі, ұстамы нық, кісілік кескіні жоғары өнеге болар өмірі, жастарға үлгі болатындай шындықтары рухани тазалыққа, отансүйгіштікке бағытталған. Қазіргі кезеңде өте қажет, жоғалып бара жатқан адами құндылыққа негізделіп жазылған. Өмірден озғаннан кейін де «Қазақ ел болам десе» және «Қызылорданың айтқыштары» атты екі кітабы жарыққа шықты. Сәкеннің қаламынан ұшқыр ойлар мен маржан сөздер төгіліп жатады. Өзі туралы лебіздер, мақалалар, арнау өлеңдер жинақталса, бір кітапқа арқау болар еді. Ал өзі жазған проза, эсселері өз алдына бір төбе. Көптеген мақаласы негізінен облысқа еңбегі сіңген мемлекет, қоғам қайраткерлеріне, еңбек адамдарына арналған. Сәкеннің өмір жолы әрі күрделі, әрі жарқын. Ол

өзінің болмысына, тағдырына байланысты өз еңбегімен қалыптасалды. Көпке кәдірлі, мерейі-мәртебесі үстем, адамгершілік болмысы айқын, халқының қалаулысы болған Сәкен өмір жолындағы сегізінші белесті бағындыруға жеті ай қалғанда көз жұмды. Қай жерде болсын еліне, жұртына жақсылық жасаудан шаршамайтын, адалдықтың ақ жолында жүрген, кісілік келбеттерін барынша биік ұстайтын игі жақсылардың ортасында мен ылғи біртуар азамат Сәкенді көретінімін. Бұл кісі туралы азы-көпті сөз қозғап, ой-пікірімді ортаға салып отырғаным, біз сонау өткен ғасырдың 60-жылдарының аяғынан бастап бір-бірімізді жақсы білеміз. Келе-келе жолдас, айнаымас дос болдық. Даналық пен даралық, көргені мен түйгені көп, жалаң сөзбен емес, ісімен дәлелдеген кісі сөзге шебер, өткен-кеткенді жақсы білетін, адамдармен тез тіл табысып, өзін де тыңдата алатын қасиет бойына дарыған. Сәкеннің өмірде жолы болған, еңбегі жаңған, бақ қарап, қылдыр дарыған, халықтан, елден мемлекеттік тиісті жоғары бағасын алған бақытты «Аңыз адам» болды десек, артық айтқаным болмас. Өнегелі өмірінің табиғат сыйлаған қырларынан мол ғибрат аласың. Қоғамдық өмірге белсенді араласып, сый-құрметке бөленіп, жастарға өнеге болатын игі жол қалдырған бекзат болмысы нағыз азаматтыққа тән еді. Ерекше айтыла кететін жайт: Сәкеннің 2015 жылы «Қызылорда Полиграфия» баспа үйінен шыққан «Парыз бен Парасат» кітабында адамның ойы мен дүниесі таным көкжиегін кеңейтетін, бүгінгі күннің жастарына арналған мағыналы, маңызды сөздер ұлағат деп білемін.

Сәкеннің келместің кемесіне мініп кеткеніне де жеті жылдай уақыт болып қалыпты. Өріне, сағыныштың орны болмақ. Бірақ Сәкенмен қызметтес болғандарға төтенше келген қаза бәріміздің жанымызды жаралап кетті.

Осындай Абзал жанның кәдір-қасиетін, мейірім-шапағатын, осы тұста көзден кетсе де, көңілден кетпес тұстарын атап өтсек болады.

Сәкен алды ашық, жайсаң мінезді, пайым-парасаты мол, ауыл тәрбиесін алдына сіңірген тұлға. Ұлтымыз, дәстүріміз, тіліміз бен дініміз туралы терең толғанатын, елдің мүддесін қолдап, намысын қорғап, қазақ елін, туған өлкесін үкілеуден шаршаған жоқ.

«Өз ойымен өмір сүріп, өзгенің орнына өзін қоя білген адам – жақсы адам» деген екен Лев Толстой. Бұл сөз Сәкен секілді адамдарға қарай айтылған болса керек.

Өмірінде басшылардан да, басқалардан да, ескертпе естімей, үстінен сөз асырмай, кеудесін бастырмай, ешкімнің аузын аңдымай, қас қабағын бақпай, дұрысты дұрыс, бұрысты бұрыс деп дүниеден озды. Серігі сенім болды деп айта аламын.

Жақсылықтың отын маздататын да, жамандықтың түтінін бықсытатын да – адам. Шарапат – жақсыдан, кесапат – жаманнан. Бәрі адамға байланысты.

Жақсыны ту етіп көрсету, мадақтау, дәрiптeу керек. Өйткені өмірге жаңа ұрпақ, жана толқын жас бұын келеді. Олар сол жақсылықтың парқын, әкелерін, ағаларын білуге тиіс.

Бұл – көп алғыс алған, ел сенімін ақтаған азаматтың бірі. «Өлді деуге болама айтқандаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған» деп жәкім Абай айтқандай, соңында өшпейтұғын із қалдырған жанның бірі.

Өмірінің соңғы жылдары бірлік пен шындықтың ортасында жүрді. Адамгершілікке арналған мол сауаптық иегері болды. Айта кететін ерекшеліктерінің тағы бірі, соңғы жұмысы облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде, әрбір азаматтың тағдырына барынша байыппен, тиянақ-

тылықпен қарап, мұның мұндап, жоғын жоқтап, қиналғандардың жанынан табыла білді.

Өмірдің жарқын жақтарын жете менгерген, еліне, жұртына кәдірлі, бірліктің ұйытқысы болған азамат ретінде дүниеден озды. Мен Сәкенді үнемі аманат аркалап жүрген азамат есебінде бағалаймын.

Мына жалған дүниеге небір абзал азаматтардың келіп-кетіп жатқаны өмір заңдылығы болса керек. Бір Алланың ісіне кім қарсы тұрған? Әсіресе сол адамның артында аты, хаты, ізі, ісі қалып жатса, біз қазақ соған шүкіршілік етіп отырғанымыз тағы бар.

«Қазақ ел болам десе» кітабына кіріспе жазған Сағидолла Құбашевтың мынадай сөзі бар. «Сейілбек сөзге шебер, тілі жатық, халқының мақал-мәтелдерін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, дәстүрін, тарихын жетік меңгерген, жаза да біледі, айта да біледі. Ол еңбекте әбден қайнап піскен, күнге күйген, суықпен тоңған, құм мен тұзға қуырылған кадр. Ол – халықтың батасын алған, парасатты қарапайым азамат, іскер басшы» болды дейді. Бұл әділ баға емес пе?!

Сәкен ортамызда (жұмыс дәрежесін былай қойғанда) ақылшы, адамгершілігі мол, мінезіндегі кейбір асыл қасиеттері кісілікті де кішілікті де сезіп біліп, бойымызды өлшеп, үлгі көрсетіп, қосыла қалсақ бәріміздің жанымызды жылытып, шуағын түсіріп, көңілімізді көтеріп отыратын. Әдетте қызметтен кеткен басшының ел ішінде кәдірлі, сыйлы болып қалуы екіталай. Ал оның беделі қайта арта түспесе кеміген жоқ. Халық хан көтеріп отырды. Облыста ардагерлер кеңесінің іргесін қалады және оны басқарып тұрған кезінде, елдің ауызбірлігін сақтауда, ұрпақтар сабақтастығын жақтастыруда, т.б. оң жұмыстарды орталық кеңес мақұлдап, Қызылорда облысы ардагерлер кеңесінің жұмысы үлгі ретінде бүкіл республикаға таралды. Жан дүниесі терең, ой ағымы бөлек, танымы мен наным айқын, сергек көңілмен сенімді сөйлейтін. Өнегелі сөзге ұста, қысыр сөзге қысқа болатын. «Азамат өлген күн өлген емес, ұмытылған күн өлген» деген бар. Сәкен, жүрсе жолын, отырса орнын, сөйлесе сөзін білетін, аузы дуалы, сөзі куәлі абыз ақсақал болып, бұл фәни дүниеден озды. «Өмірде өзіне сенетін, сенімді бір досың болса, ол да бір бақыт» деген екен бұрынғылар. Өйткені достық пен сыйластық жүрек сезімі болса керек, және достық, адалдық мәңгілік сақталды. Сәкен бір сөзінде «Жаман іске көзім түспеді, жаман жерді аяғым баспады, жаман затты қолымнан ұстағаным жоқ, жаман сөзді естімедім» дегені бар.

«Уақ шашқан шапағат» атты мақаласында («Сыр бойы» газеті 26.03.2009 ж.) «Түрекен екеуіміздің тізе қосып терең түсіністікпен еткен сан алуан еңбегіміздің арқасында, са-йып келгенде, біздің отыз жылдың үстіндегі достығымыздың арқасында дүниеде ТМД елдерінде теңгесі жоқ облыстық орталық аурухана мен диагностикалық орталық келді. Бұл біздің достығымыздың ескерткіші іспеттес» деп жазды. Міне шынайы достық, қарым-қатынас белгісі осындай.

Қорыта келе айтағым, Сейілбек Шаухаманов елім, жұрттым, де-бейындағы күш-қуатын, білімін, туған халқының игілігіне жұмсаған тұлға, Сыр бойының ардақ тұтқан батағой абыз ақсақалы. Өнегелі өмірі, атқарған қызметтері, жазған кітаптары, мақалалары, т.б. өшпейтін із, келешек жастарға өсиет деп білемін.

Бүгінде Сәкеннің өмірлік серігі, сүйікті жары Жұпарқұл ама, қазақ әйелдеріне тән, отбасы берекесін келтіріп отырған жайы бар. Ұрпақтары өсініп, халқына қызмет жасап келеді.

Қызылорда қаласында «Сейілбек Шаухаманов» атындағы лицей бар. Онда өмірлеректері орналасқан музей жұмыс атқаруда. Лицей алдында көрнекті бюст қойылған.

«Өмірде жолым болды... Бірде-бір қызметті сұрап, армандап алмадым, барлық қызметті абыроймен атқардым, бірде-бір рет сүрінбедім, жығылмадым. Өсу жолында қызметтің өз төменінен бастап, жоғарысына дейін бәрі де ретімен, жөнімен болды. Мен директорлықтан бастап әрбір қызметіме риза болдым, шүкіршілік еттім, қанағат қылдым, басқа қызметті ойламадым да, армандамадым да. Мен шүкіршілік, қанағат қылған сайын қызметім өсе берді. Әрдайым жолым болды. Менімен бірге мектеп бітірген 90 баланың, институтты бітірген 150 жігіттің ішінде тәнірім осыншама бақыт тек маған ғана бұйырды. Әділеттілік үшін айтуым керек, олардың ішінде менен ақылды, менен білімді жігіттер де аз емес. Сол үшін мен күніне мың да бір шүкіршілік қыламын. Сондықтан тағдырыма да, тәңіріме де, халыққа да, тарихқа да ризамын. Мен бақытты адаммын. Ал мынау қызығы мен қиындығы, ғиба-раты мен ұлағаты мол ғұмырымын не түйдім? Иә, Алланың бергеніне қанағат етіп, тойсаң тоба қыл дегендей, бақытыңды бағалай білу керек екен. Бұл әлемде бәрінің де сұрауы бар».

Иә, ағайын бұл Сәкеннің өз сөзі. Біздің де байлам осы.

Тұрғанбай МАХАНОВ,
Қызылорда облысының
Құрметті азаматы,
ҚР еңбегі сіңген дәрігері

/// ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУ



ЕРАСЫЛ
БАС
ЖҮЛДЕ
ИЕЛЕНДІ

Бурабай қаласында өткен «Ламия» халықаралық шығармашылық байқауында қаладағы «Достық үйі» жанындағы домбыра үйірмесінің жетекшісі Бақдәулет Менляков бастаған талантты жастар үздік өнер көрсетіп, жүлделі орындар иеленді. Нақтырақ айтсақ, Сыр елінен барған жеті домбырашы жұртшылықты өнерімен тәнті етті.

Өнерпаздар құрамындағы жас талант Ерасыл Кәрібай көрермен көшеметін иеленіп, бас жүлдені жеңіп алды.

– Өнер сайысы өте жақсы өтті. Өзге елдерден де талапкерлер қатысты. Мен негізінен, домбыраны мектеп қабырғасынан үйрене бастадым. Қазір «Достық үйі» жанындағы үйірмеге қатысамын. Алдағы уақытта осы үйірмеден қабілетімді шыңдап, өнер әлемінде өз жолымды таңдаймын, – дейді бас жүлде иегері Ерасыл Кәрібай.

«СБ» ақпарат

ЖОБА

Су объектілерінде жаппай демалуға, туризм мен спортқа арналған орындарды белгілеу туралы

«Қазақстан Республикасының Су кодексі» Қазақстан Республикасы Кодексінің 125-бабының 4-тармағына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына және «Ортақ су пайдаланудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрiнiң мiндетiн атқарушы 2025 жылғы 11 шiлдeдегi №171-ИҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №36443 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Су объектілерінде жаппай демалуға, туризм мен спортқа арналған орындар осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Қызылорда облысы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) «Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерді белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 13 қантардағы №7 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8356-11 болып тіркелген);

2) «Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерді белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 13 қантардағы №7 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 12 тамыздағы №141 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8548-11 болып тіркелген).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі		Н. Нәлібаев		
2025 жылғы «__» _____		Қызылорда облысы әкімдігінің № _____ қаулысына қосымша		
Су объектілерінде жаппай демалуға, туризм мен спортқа арналған орындар				
№	Су объектісінің атауы	Көпшілік демалуына, туризмге және спортқа арналған орындар	Орналасқан елді мекеннің атауы	Орналасқан жері (координаттары)
1.	Жібек жолы каналы	«Сыр самалы» демалыс аймағы	Қызылорда қаласы	44°48'34.34»C 65°30'59.12»N
2.	Сырдария өзені	«Сыр толқыны» демалыс аймағы	Қызылорда қаласы	44°45'16.64»C 65°32'25.42»N
3.	Әдельвейс саяжай ауылы	«Әдельвейс» демалыс аймағы	Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті	44°46'40.0» N 65°30-08.3» E
4.	Қамбаш көлі	«Аққұмшық» демалыс аймағы	Арал ауданы, Қамыстыбас ауылдық округі	46°12'41.5»N 61°55'49.0»E
5.	Сырдария өзені	«Қашқан су» демалыс аймағы	Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті	45°59'42.9»N 62°07'24.0»E
6.	Сырдария өзені	«Мұратбаев» демалыс аймағы	Қармақшы ауданы, Жосалы кенті	45°28'32.3»N 64°04'54.0»E
7.	Қаншиелі көлі	«Асар» демалыс аймағы	Жалағаш ауданы, Бұқарбай батыр ауылдық округі	45°00'36.5»N 64°33'37.8»E
8.	Сырдария өзені	«Қалғандария» демалыс аймағы	Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті	45°01'34.5»N 64°59'05.0»E
9.	Ханқожа көлі	«Бөйгекум» демалыс аймағы	Шиелі ауданы, Бөйгекум ауылдық округі	44°17'39.68»N 66°30'51.01»E 44°17'47.72»N 66°27'55.55»E
10.	Борықты көлі	«Борықты» демалыс аймағы	Жанакорған ауданы, Жанакорған кенті	43°52'59.6154»N 67°14'18.6800»E; 43°52'58.4123»N 67°14'19.3443»E; 43°52'57.8116»N 67°14'17.2648»E; 43°52'59.0150»N 67°14'16.6004»E

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға жарнама орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru

/// 12 ТАМЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСТАР КҮНІ

АСҚАҚ АРМАН МЕН ҮМІТТІҢ ЖАРШЫСЫ

Мерекеге орай «Достық үйі» алдында жастарға арналған гала-концерт ұйымдастырылды.

Шараға облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет қатысып, барша жастарды мерекемен құттықтады.

– Жастар – қашанда асқақ арман мен үміт, биік ар мен өр намыстың символы. Қай елдің болмасын басты капиталы халқы десек, соның ішінде жастар – қоғамның жетекші күші ретінде елдің дамуы үшін жауапты екені сөзсіз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қазақстан – дарынды жастар мекені. Ертең еліміздің абыройын асыратын да осы талантты ұл-қыздар. Біз олардың өрісін ашып, қарым-қабілетін шыңдау үшін бар мүмкіндікті жасауға тиіспіз» деп, бүгін мен болашақтың жүгін сеніммен жүктеген болатын. Осы ретте Сыр елінің жастары қашан да қайсарлығымен, белсенділігімен, жарқын болашаққа ұмтылуға құштарлығымен сенім үлесінен шығып келеді. Сондықтан біз әрдайым сіздерді қолдауға дайынбыз, – деген Мейрамбек Зинабидиұлы жастардың қоғамдағы рөлі мен орнына және өңір жастары үшін



Суретті іріктеген Нұрболан Нұржанов

жасалған маңызды жобаларға тоқталды.

Мәселен, аймақ халқының 30 пайызын жастар құрайды. Қазіргі таңда колжетімді тұрғын үймен қамтамасыз

ету мақсатында «Сыр жастары» жобасы арқылы жеңілдетілген ипотекамен жаңа пәтер алу мүмкіндіктері жасалды. Жыл сайын аймақта сұранысқа

ие мамандықтар бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарынан және көпбалалы отбасынан шыққан балаларға арналған облыс әкімінің 100 гранты беріледі. Бүгінге дейін 1460 жас грант иегері атанды. Сондай-ақ «2025 жылға арналған Қызылорда облысының өңірлік жұмыспен қамту картасы» шеңберінде 6 мыңға жуық жас жұмыспен қамтылса, 252 жас жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған қайтарымсыз гранттардың иегері атанды.

Сонымен қатар, қысқа мерзімді оқу курстарына 17 жас және «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерін оқытуға 585 жас жолданды. «Электронды еңбек биржасы» порталы арқылы онлайн-оқудан 26337 жас өткізілген. Мұның барлығы – өңір жастарына жасалған қолдаудың нәтижесі.

Мерекелік кеш Сыр елінің талантты өнерпаздарының концертінде ұласты. Жарасқан Төлебай, DJ Jako, Axallek, Ескара, «6ELLUCCI» тобы қала аспанын әсем әнмен көмкеріп, ерекше көңіл күй сыйлады.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

ҚАЗАҚ ТАЗЫСЫ



теңдігін
ала
бастады

ұлттық ойын-сауыққа қатыстыруға ниет танытқан. Саянбатыр күсөбілік өнерге де жақын екенін аңғартып отыр. Тазыны ертіп, қыран құсты аңға салып, олжалы орылып жүр.

1939 жылғы есеп бойынша елімізде шамамен 7 000 тазы болған. Араға 26 жыл салып, яғни 1965 жылы оның саны артып, 10 мыңға жеткен. Өкінішке орай, 1983 жылға дейін тазының 70%-ы жойылып, тек 3 мыңы қалған. 2014 жылы тұқым-тегі тазыға ұқсас ит саны 1 мың болды. Оның ішінде асылтұқымдысы 300-ді шамалайды.

Қазақстан кинологтар одағының мәліметінше, Қазақстанда қазір 3500-дей тазы бар. «Бірақ бұл – құжаты бар, тіркелген иттердің саны. Ал ауыл-ауылда ешқандай паспорт алмаған қаншама тазы бар» дейді мамандар. Кейінгі жылдары тазы мен төбет тұқымын көбейту бағытында нәтижелі істер атқарылды. Халықаралық кинология федерацияның (FCI) Бас комитеті қазақ тазысын (Kazakh Tazy) ресми түрде ит тұқымы деп алдын ала тану жөнінде шешім қабылдады, Қазақстанға тазы тұқымының иесі деген мәртебе берілді. ҚР Президенті Іс басқармасының баспасөз қызметі бұл шешім қазақы тазы тұқымын халықаралық деңгейде толық тану, яғни мойындау алдындағы негізгі әрі соңғы кезең екенін атап өтті.

Бұл – тұқымның стандартына, оның дамуы мен әлемдік аренада сақталуына біздің ел жауапты деген сөз. FCI Қазақстанға соңғы тұқым стандарттарын

әзірлеуге және бекітуге 10 жыл уақыт берді. Бұл уақыт ішінде белсенді жұмыс істеуіміз керек. Енді бізден тұқымды расталған кем дегенде мың иттің популяциясын қалыптастыру талап етіледі. Бұл жеңіл шаруа емес. Ғалай ит жеке қолда. Сондықтан халыққа жан-жақты түсіндіру жобаларын жүргізіп, иттерге арналған арнайы орындар салып, көрмелер мен жарыстарды жиі ұйымдастырып отыру керек.

Сондай-ақ бұдан бұрын елімізде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қазақы ит тұқымын сақтау және өсімін молайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды. Осының нәтижесінде иттердің генетикалық сапасын ғылыми бағалау, селекциялық сараптама жасау, жинақтау арқылы жақетті ғылыми база құруға жол ашылды.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарына дейін екі үйдің бірінде тазы мен төбет алдымыздан шығатын. Қашаннан саятшылыққа жыдан құмар ағайын тазысын ертіп, жылқысын жаратып, аң аулауға аттанатын еді. Ал төбет негізінен мал шаруашылығымен айналысқан шаруа адамның жансерігі болды. Оған беріде жайылым төсі толған төрт түлік те азайды. Тазы мен төбетті де іздейтін жағдайға түстік. Тіпті олардың тұқымын сақтау мәселесі де таразыға тартылды. Тоқсаныншы жылдардан бері екінші бірі шетелден шыққан төгі белгісіз ит тұқымын алып келуге әуес болды.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы, география ғылымдарының кандидаты Оразхан Айдаровтың айтуынша, шетелдік иттерді Қазақстанға кіргізу мәселесін ойлану қажет. Өйткені, одан қандай зиян болатынын аңғару қиын емес.

– Бұл таза қанды тазы мен төбет тұқымын сақтап қалуға да кері әсерін тигізеді деген ойдамын. Түрікмен халқы алабай тұқымын сақтап қалу ісін ертерек қолға алды. Өкініштісі, біз қаншама уақытты құр жіберіп алдық. «Жақсылықтың ерте-кеші жоқ» дейді қазақ. Ендігі кезекте кеткен қателікті түзеуге күш салайық. Жаңа заң сол олқылықтың орын толтыруға септігін тигізеді деген ойдамын. Сондай-ақ біз шетелден келетін ит тұқымын ұдайы бақылау мақсатында карантиндік бекет ұйымдастыруымыз қажет. Шетелдің көбісінде солай жасалған. Тіпті бірқатарында кейбір ит түрлеріне тыйым салынған. Мәселен, Швеция, Дания, Ұлыбритания, Франция, Германия, Нидерланд, Бельгия, Швейцария, Жаңа Зеландия мен Латвияда осындай талаптар қойылған. Ендігі кезекте қолға алынатын әрбір жұмыстың орындалуына тиынақты болуымыз қажет, – дейді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы, география ғылымдарының кандидаты Оразхан Айдаров.

Тазы мен төбетті қазақ халқының ұлттық бренді ретінде қалыптастыру – маңызды міндет. Рас, елдің ішінде ұлттық дәстүрге жанашырлық танытып жүрген азаматтар баршылық. Онышақты жылдай бұрын Шиели ауданында «Қар үстіндегі қансонар» деген атаумен саятшылық өнерге арналған ауқымды шара өткізілді. Игі істің басы-қасында жүрген белгілі айтыс ақыны Кенжебай Жүсіповтің айтуынша, оған тазы мен төбетін ертіп келген тұрғындар саны аз болмаған.

– Тазы мен төбет тұқымын сақтауға бағытталған жаңа заң қабылданғанын естіп, қуанып қалдық. Халықаралық кинология федерациясы қазақ тазысын ресми түрде ит тұқымы деп тану туралы шешім шығарғанын естіп жатырмыз. Бұл ұлттық құндылықты кең ауқымда дәріптеуге жол ашты деген ойдамын. Қайсыбір жылдары біздің Шиели ауданының өзінде қазақы тазы өсіруге ниет білдірген тұрғындардың саны өсті. Олардың қатарында өзім де болдым. Біздің ауылдың өзінде тазы өсіргендер саны 30-ға дейін жетті. Қазір мұндай азаматтардың саны төрт-бесуеден аспайды. Себебі, көбісі тазының бабын жасаудың сырын білмейді. Өте нәзік болғаннан кейін оған арнайы қамқорлық жасауын керек. Сыр өңірінде бұған қатысты кеңес беретін орталықтар мүлдем жоқ, – делі К.Жүсіпов.

Айта кетерлігі, жаңа заңда тазы мен төбет тұқымын сақтау және өсімін молайту бағытында құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық негіздер белгіленді. Осы мақсатта негізгі қағидаттар қарастырылған. Оған жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдар айқындалып, олардың құзыреті анықталды. Қысқасы, Қазақ халқы жеті қазынаның біріне балаған тазы енді-енді теңдігін ала бастады.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

/// ФУТБОЛ

«ҚАЙРАТ» ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫ ПЛЕЙ-ОФФ САТЫСЫНА ШЫҚТЫ

Алматылық «Қайрат» футболдан UEFA Чемпиондар лигасы үшінші іріктеу кезеңінде Словакияның «Слован» командасын қапы қалдырып, өз тарихында плей-офф сатысына шықты.

«Слован» командасы 1919 жылы құрылған. Өз елінде 15 мәрте чемпиондық тұғырға көтерілді. Сондай-ақ 5 мәрте күміс, 6 мәрте қола жүлдегер атанды. Оған қоса 10 мәрте Словакия кубогын төбесіне көтерді.

Словакиялық клубтың бас бапкері Владимир Вайсе 2013-2015 жылдарда «Қайраттың» тізгінін ұстаған еді. Қазіргі құрамында 2019-2021 жылдарда қазақстандық «Қайсар», «Астана» клубтарының намысын қорғаған армениялық футболшы Тигран Барсегян ойын көрсетеді.

Екі команда арасындағы алғашқы кездесуде «Қайрат» қарсыласынан 1:0 есебімен басым түсті. Жалғыз голды 90-минутта алматылық клубтан Дастан Сәтпаев пенальтиден соққан еді. Сондықтан алғашқы минуттан словакиялық футболшылар алға қарай ұмтылды. Десе де оған алматылық команда лайықты тойтарыс беріп жатты. Ойынның 30-минутында қазақстандық клубтың қорғаушылары алаң ортасында өрескел қателікке бой алдырды. Нәтижесінде «Слован» сапынан Роберт Мак «Қайрат» қақпасын дәл көздеп,

екі ойынның нәтижесімен таразы басы теңесті.

Екінші кезеңде қазақстандық команда гол соғатын мүмкіндікті іздеді. Дегенмен өз мақсатына жете алған жоқ. Екі ойынның нәтижесімен таразы басының тең болуынан ойын қосымша кезеңге жалғасты. Қосымша кезеңде жеңімпаз анықталған жоқ. Пенальти тебуге алматылық футболшылар жеңіске жетті.

Енді «Қайрат» UEFA Чемпиондар лигасы плей-офф кезеңінде шотландиялық «Селтик» командасымен ойнайды.

Алматылық футболшылар бірінші және екінші іріктеу кезеңінде Словенияның «Олимпия» (1:1, 2:0), Финляндияның КуПС клубтарын (0:2, 3:0) қапы қалдырып кетті.

Сондай-ақ 14 тамызда елордалық «Астана» Конференция лигасы үшінші іріктеу кезеңінде өз алаңында Швейцарияның «Лозанна» командасын қабылдайды.

«СБ» ақпарат



Оңтүстік Кореяда декретке шыққан ерлер көбейді

Оңтүстік Кореяда жыл басынан бері 34 мыңнан астам еркек декреттік демалысқа шыққан. Бұл бұрын-соңды болмаған көрсеткіш дейді деректе. Ал декреттік демалысқа шыққандардың көпшілігі ірі компаниялар қызметкері немесе табысы көп азаматтар көрінеді. Жергілікті заң бойынша декреттік демалыс әйелдермен бірге ер адамдарға да рұқсат етілген. Жарты жылдан бір жарым жылға дейін рұқсат етілген мерзім ішінде алты айы төленеді екен. Ал ай сайынғы жәрдемақы шамамен 1800 долларды құрайды.

Орман өрті өршіп тұр

Оңтүстік Еуропада аптап ыстықтан орман өрті күшейді. Әсіресе, Түркияның солтүстік-батысындағы Чанаккале провинциясында ахуал қиын деп хабарлайды дереккөз. Тілсіз жау елді мекендерге қауіп төндіруде. 700 құтқарушы мен ұшақтар көмек көрсетіп жатыр. Ондаған үй мен көліктер жанып кеткен, жүздеген тұрғын эвакуацияланған.

Мұндай жағдай Испанияға да оңай тиіп тұрған жоқ. Тарифа қаласынан 2 мың адам көшірілген. Олардың арасында туристер де бар. Шаһарда қатты ыстыққа байланысты қауіптің қызыл деңгейі жарияланған. Есесіне қатты жел өртті ауыздықтауға кедергі келтіруде. Албанияда да жағдай қиын. Жалын шаһар шетіне жетіп, жергілікті билік қатты желден өртті бақылау қиын болып тұрғанын айтады.

АҚШ қарызға батып бара ма?

АҚШ-тың мемлекеттік қарызы \$37 трлн асыпты. Ондағы жергілікті Қаржы министрлігі осындай дерек келтірген. Америка Конгресінің экономикалық комитет мамандары: «бұлай жалғаса берсе, елдің сыртқы қарызы жарты жылдан кейін тағы 1 трлн долларға артады» деп отыр.

Жалпы АҚШ мемлекеттік қарыздың шекті мөлшерін 2008 жылғы дағдарыстан бері ұлғайтып алған. Мемлекет бюджетіне түсетін ауыртпалық әлі де артатын сынайлы. Өйткені жуырда Конгресс Президент Трамптың жаңа заң жобасын бекітті. Оған сай мемлекет берешегі тағы 4 трлн долларға ұлғаюы мүмкін. Сондықтан Ақ үй басшысы ел экономикасын дефолттан сақтау үшін ұлттық қарыз межесін алып тастауды ұсынды.

Деректер 24.kz сайтынан алынды

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
МАРАТ АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
ҚУАТ ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«Ақ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (*сенбілік екі нөмір*) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.